

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ПЕН ЛОГИСТИКАНЫҢ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ АРҚЫЛЫ БІРЫҢҒАЙ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚҰРУ – ТАСЫМАЛДАУҒА КЕТЕТІН УАҚЫТ ПЕН ШЫҒЫНДАРДЫ ҚЫСҚАРТЫП, НАРЫҚТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ЖАҚСАРТТЫ. БҮГІНДЕ ЕАЭО-НЫҢ НЕГІЗГІ ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ БІРІ ТМД-МЕН ТІКЕЛЕЙ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ҮШІН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛДЫ.



Арзыбек КОЖОШЕВ,
ЕЭК-тің энергетика және инфрақұрылым
жөніндегі министрі



№27 (3066)
11/04/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПРОИЗВОДСТВО ВАГОНОВ СТАРТОВАЛО

Серийное производство пассажирских вагонов для АО «Пассажирские перевозки» начато на заводе «Stadler Қазақстан» в Астане. Руководство национального перевозчика посетило предприятие и подробно ознакомились с ходом работ.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Проект реализуется в рамках программы модернизации железнодорожного транспорта. По контракту, до 2030 года предусмотрено выпуск 557 вагонов, включая купейные, плацкартные, специализированные вагоны для людей с ограниченными возможностями и вагоны-генераторы. Первая партия – 51 вагон – будет передана АО «Пассажирские перевозки» уже в этом году.

В ходе визита на завод «Stadler Қазақстан» представители компании осмотрели готовые кузова пассажирских и генераторных вагонов, а также посетили все производственные цеха.

В течение последних двух лет предприятие прошло масштабную модернизацию, что позволило не только внедрить современные производственные технологии, но и обучить местных специалистов, обеспечив высокий уровень локализации. На данный момент на заводе, где трудятся более 400 сотрудников, развер-

нут полный технологический цикл, включающий сварку и покраску кузовов, сборку электрических компонентов, производство и монтаж тележек, установку внутренних элементов вагона, статическое и динамическое тестирование перед выпуском и т. д.

Отметим, вагоны Stadler – это комфортабельные ку-



пейные вагоны с 40 спальными местами. Они разработаны специально для условий эксплуатации в

Казахстане, учитывая климатические особенности и большие расстояния между городами. Вагоны будут

оснащены современной системой кондиционирования, видеонаблюдением, электрическим отоплением и автоматической системой пожаротушения. Для комфорта пассажиров в каждом купе оборудуют электрические розетки и встраивают USB-разъемы для подзарядки мобильных телефонов в пути следования. Важной особенностью новых составов станет наружный

дизайн, выполненный в цветах государственного флага – голубой, желтый и белый, что подчеркнет национальную идентичность и символику Казахстана.

Согласно условиям контракта, завод «Stadler Қазақстан» возьмет на себя техническое обслуживание поставленных вагонов на срок 20 лет, что обеспечит их бесперебойную эксплуатацию и продлит срок службы.

ESG ҚАҒИДАТТАРЫ ЕНГІЗІЛУДЕ



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы «KTZ Express» АҚ-да ESG қағидастары белсенді енгізілуде. Экология (E), әлеуметтік саясат (S) және корпоративтік басқару (G) саласындағы жауапкершілікке негізделген тәсіл жүзеге асырылуда.

Компания тұрақты дамуға, ашықтыққа және операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға жұмыс істеуде. Бір ғана 2024 жылы айтарлықтай жұмыс жүргізілді. Мәселен, ластаушы заттардың шығарындары рұқсат етілетін деңгейден 14 есеге дейін төмендетілді, 965 қызметкер оқытылып, қайырымдылық көлемі 1,44 млн теңгені құрады.

Қазір компанияда экологиялық және әлеуметтік бастамаларды енгізуге басымдық беріліп, іскерлік этиканың тең мүмкіндіктері мен қағидастары қолдауға ие. Бұл нәтижелер ҚТЖ-ның орнықты дамудың стратегиялық мақсаттарына бейімділігін растап, ESG-қағидастарының операциялық және корпоративтік қызметке дәйекті интеграциялануын айғақтайды.

Нұрбек БЕКЕН

АБР ОЦЕНИЛ ПОТЕНЦИАЛ ТМТМ



К 2027 году пропускная способность Среднего коридора (ТМТМ) может достичь 10 миллионов тонн в год. Об этом сообщается в отчете Азиатского банка развития (АБР). При этом отмечено, что участие частного сектора способно значительно повысить эффективность ТМТМ через Каспийское море.

По данным авторов банка, объем грузоперевозок по ТМТМ в 2024 году вырос на 62%, достигнув 4,5 миллиона тонн. В 2025 году ожидается дальнейший рост – до 5,2 миллиона тонн, из которых 4,2 миллиона тонн будут перевозиться по маршрутам стран – участниц ТМТМ. Из этого объема 2,5 миллиона тонн составят сухие грузы (эквивалент 96 тысяч ДФЭ), а 1,7 миллиона тонн – нефть.

Транспортный мост между Европой и Азией соединяет Китай, Казахстан, Каспийское море, Азербайджан, Грузию, Турцию и Европу. В 2023 году Астана, Баку и Тбилиси подписали соглашение о создании совместной железнодорожной компании Middle Corridor Multimodal Ltd. с целью повышения эффективности транзитных перевозок.

Асель ШАЙХЫНОВА

УГОЛЬ В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ



За отопительный сезон 2024/2025 железнодорожным транспортом по Казахстану доставлено 67 миллионов тонн угля.

К настоящему моменту запасы угля на ТЭЦ составляют около 3,7 миллиона тонн, что на 12% превышает показатели аналогичного периода прошлого года. Дополнительно на угольных тупиках накоплено около 400 тысяч тонн твердого топлива.

Всего с мая 2024 года по март 2025-го по железной дороге перевезено 67 миллионов тонн угля, из них 60 миллионов тонн было доставлено для ТЭЦ, еще семь миллионов тонн – в коммунально-бытовой сектор.

Для оперативного контроля и координации перевозок твердого топлива в АО «НК «Қазақстан темір жолы» работает круглосуточный штаб, который ведет ежесуточный мониторинг запаса угля на складах, контроль по обеспечению заявок грузоотправителей, выполнению оборота и сокращению простоев вагонов под грузовыми операциями. Подготовка к отопительному сезону в компании начинается заблаговременно. Благодаря эффективному планированию, равномерному распределению объемов перевозок угля по месяцам и согласованности действий всех участников перевозочного процесса удается избежать ажиотажа в холодное время года.

Роман ЛЮБИМОВ

Инфрақұрылым

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығы Алматыға жұмыс сапары барысында Қазақстанның көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамытуға және Қытаймен екіжақты ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған негізгі стратегиялық нысандарды аралады.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Кеден-транс сервис» АҚ және Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co. Ltd (ҚХР) бірлескен кәсіпорны шеңберінде салынып жатқан ГТС-2 терминалында логистикалық кешен құрылысының барысымен танысуға ерекше назар аударылды. Бұл кешен халықаралық көлік-логистикалық тізбектің маңызды бөлігіне айналмақ.


Сонымен қатар Алматы облысындағы Қазыбек бек станциясында көлік-логистикалық хаб құру жобасы қаралды. Жаңа кешен сауда-экономикалық бай-

ланыстарды дамытуға және екі елдің транзиттік әлеуетін кеңейтуге ықпал ете отырып, Қазақстан мен Қытайдың логистикалық жүйелерін интеграциялаудың негізгі буыны болмақ.

Халықаралық көлік дәліздерінің негізгі учаскелерінің бірі ретінде Алматы облысының стратегиялық маңызы және транзиттік мүмкіндіктерді күшейту мен Қазақстанның әлемдік логистикалық нарықтағы позициясын нығайту үшін өңірдің инфрақұрылымын одан әрі дамытудың маңыздылығы атап өтілді. Оған негізгі алғышарт та жоқ емес: көрші қытай елімен екі бірдей теміржол өткелі арқылы шектесетін облыста Ал-

маты станциясын айналып өту жолы, Достық – Мойынты учаскесінде екінші жолдарды салу жобалары жүзеге асырылуда. Әсіресе екінші жоба «Достық» станциясының өткізу қабілетін 5 есеге, яғни 12-ден 60 пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, Қорғас торабы мен Достық станциясы экономикалық өсім мен инвестиция тартудың маңызды нүктесі болып табылады. Осы арада Достық станциясында қуаттылығы жылына 350 мың контейнер болатын «Dostyk Trans Terminal» көпфункционалды жүк тасымалдау терминалының 3-ші және 4-ші кезеңінің құрылысы жүргізіліп жатқанын айтар едік.

НЕПРЕРЫВНОЕ РАЗВИТИЕ



ОБУЧЕНИЕ

Более 50 начальников дистанций пути из всех регионов Казахстана пройдут обучение в рамках корпоративной программы развития «Профессионал пути».

Любовь РОВБА,
Астана

Программа разработана специалистами филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» совместно с департаментом пути и сооружений и HR-блоком компании.

Ее цель – формирование и развитие личностно-деловых компетенций, лидерских качеств и стратегического мышления у руководителей линейных подразделений.

Корпоративное обучение для 53 начальников дистанций пути со всего Казахстана стартовало 7 апреля в ALT University в Алматы и завершится сегодня (11 апреля). Отличительной особенностью программы стало активное вовлечение студентов образовательного направления «Магистральные сети и инфраструктура».

Приветствуя участников на торжественной церемонии открытия, директор департамента пути и сооружений филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Арман Бубиқанов подчеркнул важность непрерывного профессионального развития и повышения управленческих компетенций.

– Корпоративная программа «Профессионал пути» – это не только вклад в развитие действующих руководителей, но и вдохновляющий пример для будущих специалистов отрасли, – отметил он.

В течение пяти дней слушатели обучались личной и командной эффективности, коммуникации и управлению конфликтами, способам развития эмоционального интеллекта и т. д. Вместе с экспертами отрасли обсудили вопросы снегоборьбы и водоборьбы, инновации современной геодезии в железнодорожном



строительстве, решали ситуационные задачи на тему текущего содержания пути и стрелочных переводов, а также примут участие в итоговой викторине по этой теме. Кроме того, в программе предусмотрены инфосессии по Коллективному договору, целеполаганию и оплате труда. По итогам пятидневного обучения начальники дистанций пути получат сертификаты.

Фото автора



Талгат МУРЗАКАРИМОВ,
главный ревизор департамента
безопасности движения
по Павлодарскому участку:

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПЕРЕЕЗДЫ – УЧАСТКИ ДОРОГ, ГДЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ ПОЛОТНО ПЕРЕСЕКАЕТСЯ С АВТОМОБИЛЬНОЙ, КРАЙНЕ ОПАСНОЙ ОТРЕЗОК, ТРЕБУЮЩИЙ ПРЕДЕЛЬНОЙ ВНИМАТЕЛЬНОСТИ И БДИТЕЛЬНОСТИ ВОДИТЕЛЯ, ВЕДЬ СТОЛКНОВЕНИЕ С ПОЕЗДОМ ОСТАВЛЯЕТ МАЛО ШАНСОВ НА ВЫЖИВАНИЕ ЛЮДЕЙ, НАХОДЯЩИХСЯ В АВТОМОБИЛЕ, СОЗДАЕТ РИСК К СЛУЧАЯМ СХОДА ПОЕЗДОВ. ОСНОВНАЯ ПРИЧИНА ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНЫХ ПРОИСШЕСТВИЙ И ЭКСТРЕННЫХ ТОРМОЖЕНИЙ ПОЕЗДОВ НА ПЕРЕЕЗДАХ – НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ ПРОЕЗДА ВОДИТЕЛЯМИ АВТОТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АЛМАТЫ ТОРАБЫН АЙНАЛЫП ӨТУ ЖОЛЫН САЛУ БАРЫСЫНДА

130

КИЛОМЕТР ТЕМІРЖОЛ ТӨСЕМІ ТӨСЕЛДІ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ

14

ДЕРЕК ТІРКЕЛГЕН.

АСТАНАДАН АЛМАТЫҒА БІРІНШІ РЕТ ТАЛҒО ПОЙЫЗЫНДА САЛМАҒЫ

1,7

ТОННАНЫ ҚҰРАЙТЫН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖҮК ЖӨНЕЛТІЛДІ.

КЕЛЕҢСІЗ ЖАЙТТАР ЖИЛЕП КЕТКЕН

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



ҚАУІПСІЗДІК

Қазақстан темір жолының қызметкерлері тұрақты түрде халық арасында ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізіп келеді. «Темір жол – қауіпті аймақ!» тақырыбындағы дәрістер, түсіндіру және бейне көрсетімдер оқу орындары мен мектептерде жиі ұйымдастырылады.



2025 жылдың қаңтар-ақпан айларында станциялар мен мектептерде теміржол жолдарын қауіпсіз кесіп өту ережелері бойынша 257 жиналыс өткізілді. Оларға 14 мыңнан астам адам қатысты.

Сонымен қатар ай сайын желілік ішкі істер департаменті қызметкерлерімен темір жолды рұқсатсыз кесіп өтетін жерлерде бірлескен рейдтер өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері 78 рейд жүргізіліп, оның барысында 6 өкімшілік айыппұл салынды.

Оқиғаларға жасалған талдау адамдардың пойыз астына түсіп қалуы көп жағдайда жапа шегушілердің жеке абайсыздығымен байланысты екенін көрсетіп отыр. Негізгі себептер – темір жолды белгіленбеген жерлерден кесіп өту, абайсыздық және алкогольдік ішімдік ішу жағдайлары.

Мамандар соңғы уақытта жасөспірімдердің жүк және жолаушылар вагондарының баспалдақтарына мінуге әрекеттену жайттарының жиілеп кеткенін айтып отыр. Бұл – салдары ауыр жарақаттануға немесе қайғылы оқиғаларға әкелетін қауіпті әрекет. Сол себепті теміржолшылар болат жол бойында қауіпсіздік қағидаларын қатан сақтауға шақырады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



СЕРІКТЕСТІК

Тараз көліктегі оқу орталығында Жұмысшы мамандықтар жылына орай ашық есік күні өтті. Қаладағы көлік және коммуникация колледжінің студенттері орталықтың қызметімен танысып, болашақ кәсіптері жайлы жан-жақты мәлімет алды.

Оқу орталығының директоры Лашынкүл Күзербаева болашақ теміржолшылар үшін бұл іс-шараның маңызы зор екеніне тоқталып, оларға орталықтың негізгі атқаратын қызметі туралы айтып беріп, жұмыс жүйесімен таныстырды.

– Бұл жастар диплом алып, маман атанғаннан кейін әрі қарайғы еңбек жолында осы оқу орталығына бірнеше мәрте оралып, біліктіліктерін арттыратын болады. Сондықтан біз студенттерге барлық оқу кабинетіндегі материалдық базаны таныстырып, сабаққа қатысып, процесті сезініп көрулеріне мүмкіндік жасадық, – дейді Лашынкүл Рахымқызы.

Орталықта 17 оқу кабинеті, бір компьютерлік сынып бар. Кабинеттердің барлығы тиісті материалдық базамен жабдықталған. Компьютерлер қажетті ақпараттық жүйелерге қосылған. Тіпті 3Д жүйесінде жаттығу бағдарламасы да жүктелген. Осы жаттығу жүйесі арқылы машинистер сынақ тапсырып, тәжірибелерін шыңдай алады.

Оқу орталығы мен колледж арасындағы ынтымақтастық пен бірлескен жұмыстың аясында ұйымдастырылған іс-шарадан студенттердің көріп, көкейге түйгені көп болды. Теміржол саласында талай жылдық тәжірибесі бар орталықтың білікті мұғалімдері жастарға жаңа жүйе, жаңа құрылымдар туралы егжей-тегжейлі түсіндірді. Орталықтың тәжірибелік полигоньында шпалдардың, бағыттауыш бұрмалардың, рельс бекітпелерінің орналасуын көрсетіп, олардың түрлерін айтып таныстырды. Мамандардың кәсіби шеберлігін көтеру мақсаттарын атап, теміржол саласының қауіпті аймақ екенін де естеріне салып өтті.

Ашық есік күні дөңгелек үстел басында түйінделді. Тараптар теміржолшыларды даярлайтын кәсіптік колледж бен орталықтың өзара байланысын арттыра түсуге уағдаласты. Бірлескен жұмыстарды атқаруда белсенділік танытқан колледж директорының оқу-өндіріс жөніндегі орынбасары Жеңіс Тайбековке Алғыс хат табысталды.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛҒАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР



АЙМАҚ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Нұрғозы Рысқұлов жетекшілік ететін Жылға тартымдық стансасында небәрі 6 маман жұмыс істейді. 1987 жылы қолданысқа берілген шағын тартымдық станса деңгейінде болса да қызметі ауқымды. Олар ауысымдық кезекшілік арқылы станциядағы электр энергиясының жай-күйін күндіз-түні кірпік қақпай қадағалап, жұмысын жүргізіп келеді. Бұл жерге Ташкенттегі ГРЭС-тен 220 кВт энергия алынады да, солтүстігіндегі Монтайтас станциясы арқылы Шымкентке қарай тартылған желімен үздіксіз жөнелтіледі. Одан бөлек, 2020 жылы Жылғадан Монтайтасқа шығар жол жиегінде 40 гектар аумақта орналасқан күн панельдері станциясы іске қосылғаны белгілі. Міне, сол күн көзінен қуат өндіру алқабы бүгінде Жылға тартымдық стансасын 35 кВт энергиямен қамтамасыз етіп келеді. Сонда біз әңгіме етіп отырған тартымдық стансасының электр энергиясын өңдеу қуаты 255 кВт-ты құрайды деген сөз. Оның 220 кВт-ын транзиттік сипатта өндесе, қалған 35 кВт-пен елді мекен тұрғындары мен теміржол



шаруашылығындағы қызметке және станцияға келіп-кетер электровоздар қозғалысын қамтамасыз етуге пайдаланылады.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі мен атқарушы органдардың бастамасымен осыдан 7 жыл бұрын Жетісай өңірін электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында Жылға подстанциясының аумағы кеңейтіліп,

әлеуеті арттырылған. Яғни сол кезде күрделі қайта жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде, 220 кВт-тық биік бағаналы қос желі Қызылөскерге қарай тартылған. Сол желінің екінші нүктесінен деңгейі Жылғамен шамалас шағын подстанция бой көтеріп, ел игілігіне пайдалануға берілген. Аталған нысанның ірілі-ұсақты жұмыстары өткен жылы толық тәмамдалып, осы кездері мінсіз қызмет көрсетіп келеді. Алайда, Қызылөскердегі подстанцияны қалыпты жағдайда қолдануда Жылға тартымдық стансасы басымдыққа ие. Демек, бұл дегеніміз дәреже-деңгейі тартымдық станса болғанмен, алты-ақ адамнан құралған теміржолшылар ұжымының қызметі мен арқалайтын жауапкершілік жүгі өте ауқымды деген сөз.

– Өзбекстан мен Қазақстан теміржолының шекаралық белдеуінде жатқан Жылға станциясында орналасқан біздің тартымдық стансаның жұмысы шынғында да өте ауқымды. Дегенмен, осындағы алты адамның бәрі өз жұмысын бес саусақтай білетін кәсіби мамандар. Сондықтан барлық жұмысты талапқа сай атқарып, өзімізге жүктелген сенім үдесінен шығып отырмыз, – дейді Жылға тартымдық стансасының басшысы Нұрғозы Рысқұлов.

Суретті түсірген автор

ӘЛЕУЕТІ ЗОР ӘСКЕРИ КҮЗЕТ



ҚҰРЫЛЫМ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Бұл сұраққа «Магистраль» форумы алаңында өткен дөңгелек үстелде «ӘТЖК» ЖШС ұйымдастырушылық-бақылау қызметінің басшысы Рустам Сәбитов жауап берді. Ол магистральдық кешенді қауіпсіздік жүйесіндегі ӘТЖК-нің бірегей рөліне тоқталып, жан-жақты түсіндірді.

Оның айтуынша, әскери теміржолшылардың кәдімгі күзет кәсіпорындарынан айырмашылығы – ӘТЖК қызметкерлері тек қорғауды қамтамасыз етпейді, соған қоса олар кәсіби теміржолшылар. Олар теміржолдың барлық технологиялық процесін біледі және инфрақұрылымның ерекшеліктерін түсінеді. Бұл артықшылықтары оларға жүктерді ұрлау, жолдың жоғарғы құрылымына зақым келтіру және басқа да бұзушылықтар сияқты оқиғалардың алдын алуға үлкен мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда магистральдағы қауіпсіздікті 6 мыңнан астам қызметкері бар 87 атқыштар

бөлімшесі мен 28 мобилді топ қамтамасыз етеді. 2024 жылы ӘТЖК 36 миллион теңге сомасына 102 ұрлық әрекетінің алдын алды. – Былтыр болған оқиғалардың саны 2023 жылға қарағанда азайды, алайда бұл нақты көрсеткіш емес, өйткені ұрлықтың уақыты мен орнын болжау мүм-

жерлерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Мәселен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ трансформациясы және ведомстволық күзет жүйесін жаңғырту шеңберінде оларды жою үшін күзет қызметі бағытында тиісті заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізу ұсынылды, – дейді Рустам Сәбитов.




кін емес. Қызметкерлер күн сайын 45 мыңға жуық вагонды, соның ішінде құнды және қауіпті жүктерді, сондай-ақ транзиттік маршруттар бойынша жарты миллионнан астам контейнерді күзет қызметімен қамтыды. Транзиттік маршруттарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде «тар

Айтуынша, бүгінде әскерилендірілген күзет негізінен әскери жабдықтармен және байланыс құралдарымен жабдықталған. Технологиялық жаңғыру жағдайында ӘТЖК қызметкерлерді күзет қызметімен қамтыды, соның ішінде заманауи киім-кешек пен құралдарды жақсартуға тырысады.

Атқыштар командаларының бірқатар процестерін оңтайландыру қазірдің өзінде қосымша операцияларды 38% қысқартуға мүмкіндік берді, мысалы вагондарды тексеру сияқты негізгі операцияларды ғана қалдырды. Бұл Қарағанды – Астана, Павлодар – Астана, Көкшетау – Астана және Тобыл – Астана сияқты жүк ағыны тығыз учаскелерде жұмыс тиімділігін айтарлықтай арттырды. Сондай-ақ транзиттік жүктер көлемінің өсуіне байланысты ӘТЖК өкілеттіктерін кеңейту ұсынылады, өйткені күзет қызметі елдің имиджіне және экономикалық құрамдас бөлігіне әсер етеді. ӘТЖК басқа құрылымдармен, жеке күзет кәсіпорындарымен бәсекелестік орта құра отырып жұмыс істейді. Сонымен қатар тиімділікті арттыру үшін құқық қорғау органдарымен және басқа да құштік құрылымдармен бірге белсенді өзара іс-қимыл жүргізілуде. Жүк жөнелтушілермен жылжымалы құрамды қорғау құралдарын орнату бойынша жұмыс жүргізілуде, бұл да тасымалдау қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

ЖАҢАРУ ПРОЦЕСІ ЖҮРІП ЖАТЫР



ИГІЛІК

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Кеңірек тоқталсақ, №16 бекет бойынша бұрынғы ескірген ҚІБ-ЭО, СП-ЭО, ҚІ-50-ЭО қоректену панельдері алынып, орнына АВБҚ, ҚҚ, БҚ жаңа типті электрондық панельдер қойылған. Яғни баяғы КСРО кезінен қалған, қазірде не қосалқы бөлшегі таптырмайтын қоректену панельдері отандық өндірістен шыққан заманауи панельдерге ауыстырылған. №16 бекеттен басталған бұл жұмыс биыл жа жалғасып, жиырма шақты бекеттің қоректену панелі осындай жаңартуды күтіп тұр.

Бұдан басқа былтыр дистанцияның 280, 252, 16-шақырымдардағы теміржол өткелдеріндегі белгі беру құрылғыларының сапасын жақсарту жұмыстары жүргізілген. Осы өткелдердегі белгі беру көрсеткішін

күшейту мақсатында линзалар жиынтығы жарықдиодты модульдерге ауыстырылған. Белгі беру-байланыс саласындағы қызмет көрсетуді жақсарту бағытындағы жұмыстар өзге нысандарда да жалғасын тапқан. Бұл туралы ақпарат берген дистанцияның бас инженері Асқар Утешиновтың айтуынша, жаңарту процесі биыл да жалғасуда.

– Осы жылғы қаңтарда Маната бекеті және №9,10 бекеттердегі радиобайланыс жұмыстарының сапасын арттыру бағытында АСТ-2 жаңа сандық немесе цифрлау радиантенналарын орнаттық. Тозығы жеткен немесе бүгінде қолданыстан қалған ескі үлгідегі құрал-жабдықтар осылайша бірте-бірте заманауи түрлеріне орын босатуда. Былтыр Құрық портындағы паромға дейінгі сұрыптау станциясында мердігер мекемемен бірлесіп отырып МПЦ құрылғыларын реттеп немесе жөндеп іске қосу жұмыстарын



жүргізілген болатынбыз. Ал жыл соңында Маңғыстау станциясындағы маневрлік дөңсеп пен механикаландырылған мұнарадағы АСДЦ микропроцессорлық диспетчерлік орталықтандыру жүйесі енгізіліп, тұрақты қолданысқа берілген. Мұндай жұмыстар биыл да жүріп жатыр, – дейді дистанцияның бас инженері.

Суретті түсірген автор

АВТОМАТИЗАЦИЯ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК



ПРОЕКТ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В рамках проекта был разработан и утвержден Регламент распределения грузовых вагонов, а также сформирована новая модель ремонта подвижного состава, которая вступит в силу в 2025 году.

Платформа «Единая платформа управления производственной деятельностью» позволяет эффек-

тивно планировать грузоперевозки с применением технологий искусственного интеллекта, улучшать взаимодействие с клиентами и проводить аналитику в режиме реального времени.

Кроме того, в текущем году компания планирует увеличить долю экспорта на 15%, достичь 100% выполнения всех запланированных показателей, повысить удовлетворенность клиентов до 87%. К слову, в минувшем году данный

показатель составил 89,17%. Это на 4% больше, чем в 2023 году. Повышение удовлетворенности стало возможным благодаря увеличению числа вагонов, обновлению подвижного состава и улучшению автоматизации обслуживания.

К еще одному из значительных успехов можно отнести снижение числа отцепок в ТОР на 8% по сравнению с предыдущим годом – с 52 857 в 2023 году до 48 721 в 2024 году. Это стало возможным

благодаря качественному ремонту и техническому обслуживанию.

Количество ремонтов вагонов в минувшем году также увеличилось на 5% по сравнению с 2023 годом. Кроме того, было выполнено 14 353 ремонта, что на 756 больше, чем в 2023 году.

Также в планах на текущий год увеличение рейтинга социальной стабильности компании до 80%, полное задействование трех тысяч новых полувагонов компании и увеличение доли задействованных вагонов на экспортных контрактах до 15% (4 000 вагонов).

Сегодня компания продолжает активно работать над улучшением качества обслуживания, техническим перевооружением и расширением возможностей перевозок, что способствует укреплению позиций на рынке и повышению доверия со стороны клиентов.

ВАЖНОСТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



СОВЕЩАНИЕ

В Алматинском отделении магистральной сети состоялся круглый стол по вопросам профилактики наездов подвижного состава на людей и скот, дорожно-транспортных происшествий на железнодорожных переездах, а также случаев хищения инфраструктурных устройств.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В обсуждении приняли участие руководители отделений, руководители структурных подразделений, представители транспортной полиции и работники акиматов.

Так, директор Алматинского отделения магистральной сети Аскар Жексенбиев подчеркнул актуальность мероприятия, отметив необходимость комплексного подхода к вопросам безопасности на транспорте. Он акцентировал внимание на важности взаимодействия между железнодорожными службами, правоохранительными органами и местными властями для плодотворного решения проблем. Только в прошлом году локомотивными бригадами было применено 142 экстренных торможения. За три месяца текущего года допущено 19 случаев. С наездом на людей – один, на скот – 15 случаев.

Было отмечено, что основными причинами наездов на людей являются личная неосторожность самих пострадавших, нахождение

на железнодорожных путях в состоянии алкогольного опьянения, а также случаи суицидального характера. В связи с этим особое внимание уделено усилению профилактической работы среди населения, в том числе проведению разъяснительных бесед, установке дополнительных предупреждающих знаков и ограждений в местах повышенной опасности.

С начала года было зафиксировано два случая дорожно-транспортных происшествий на железнодорожных переездах. Во всех случаях причины допущенных ДТП установлены – это нарушения правил дорожного движения водителями транспортных средств.

С начала текущего года проведено пять собраний с участием 319 человек и совместно с работниками ЛОП – 14 рейдов. Кроме того, ведется активная работа с населением по разъяснению правил вытаскивания скота вблизи железнодорожных путей. Жителям сельских населенных пунктов напоминают о необходимости соблюдения установленных норм и ограничений, чтобы предотвратить случаи выхода животных на железнодорожные пути,

что может привести к аварийным ситуациям.

С начала текущего года гражданам вручено 713 выписок. Направлены 40 писем в местные акиматы, опубликовано 14 материалов в местных СМИ. В ходе встречи озвучены участки, где допускаются систематические наезды по Саркандскому, Алакольскому, Коксускому, Каратальскому, Карасайскому, Енбекшиказахскому районам. В процессе встречи был внесен вопрос о необходимости предложений в уполномоченные органы о внесении изменений в существующее законодательство РК в части ужесточения штрафов за нахождение безнадзорного скота вблизи железнодорожного пути.

На совещании говорилось, что в связи с частыми экстренными торможениями с наездами на людей на перегоне Алматы-1 – Алматы-2 требуется строительство пешеходных мостов, подземных переходов или установок устройств светофорного регулирования. Также было отмечено о необходимости обновления скотозащиты на участке Медеу – Тауарасы. В ходе встречи предлагалось обсудить возможные пути решения о восстановлении охраняемого железнодорожного переезда на станции Айнабулак. В период весенних, летних школьных каникул необходимо увеличить профилактическую работу с разъяснениями среди учащихся. Было озвучено, что установка камер типа «Сергей» не дает положительных результатов, а целесообразнее провести эффективную работу совместно с РЦУП-2 в части стоянки локомотивной бригады у входного сигнала.

По итогам встречи были даны указания всем дистанциям пути усилить работу с населением, разъясняя правила безопасного пересечения железнодорожных путей. Организовать совместные рейды с линейными отделами полиции для профилактики нарушений на железнодорожных переездах. А также провести информационные собрания в учебных заведениях, направленные на повышение осведомленности детей и молодежи о правилах безопасности на железной дороге.

– Мы готовы оказать всестороннюю поддержку в реализации этих мер. Важно, чтобы все ответственные службы и общественность работали в единой связке, обеспечивая безопасность движения, – отметил Аскар Жексенбиев.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Экспресс» (далее – АО «КТЗ Экспресс») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Экспресс», которые начнутся 18 апреля 2025 года в 11:00 на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

